

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, философия және саясаттану факультетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторантты Орынбеков Нұрлан Аманғазыұлының «Экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы діни білімнің рөлі: қазақстандық тәжірибе» атты «8D02204 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына**

**ПКР**

Орынбеков Нұрлан Аманғазыұлының «Экстремизм мен терроризмнің алдын алудағы діни білімнің рөлі: қазақстандық тәжірибе» атты диссертациялық жұмысы қазіргі қазақстандық қоғамдағы өзінің өзектілігімен айқындалады. Қазіргі уақытта ғаламдық жаһандану процесі кезінде әр мемлекет өзінің ұлттық және мемлекеттік құндылықтарын, болмысы мен мәдениетін сақтап қалу үшін түрлі шараларды жүзеге асырады. Бұл үшін қоғамды тәрбиеу маңызды болып, онда діни білім ерекше орын иеленеді. Адамдардың діни көзқарастары мен ұстанған наным-сенімдері жайлы терең білуі, өзінің қандай жолды ұстанып отырғанын діни-тәрбиелік түрғыдан сезінуі маңызды тақырыптардың бірі. Жалпы қазақстандық қоғамда діни ахуал салыстырмалы тұрақты. Десе де, бұл терроризм мен экстремизм мәселелерін жоққа шығармайды. Әсіресе, экстремизм идеологиялық астары ретінде жалпы мемлекеттік назарда болғанымен, қоғамдық өмірде әртүрлі факторлар арқылы тарап жатқанын байқау қын емес. Деструктивтік діни ағымдар өздерінің идеологияларын латентті формада, әлеуметтік желілер арқылы жастардың саналарына сіндіруге тырысада. Әрине, терроризм мен экстремизмнің алдын алу мәселелері дін саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асырудады кешенді жұмыстармен қамтылып жатыр. Алайда, оның алдын алу үшін, оның әсер ету факторлары мен механизмдерін жете зертте, анықтау қажеттілігі өте өзекті. Ізденушінің зерттеу аясында құраған діни білімнің маңыздылығы ерекше орын алатындығын айта кеткен жөн.

Н.А.Орынбековтың диссертациясын теориялық және тәжірибелік құндылығы бар, дербес орындалған ғылыми зерттеу деп танимыз. Дипломдық жұмыс отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, діни білім беру жүйесінің теориялық-методологиялық негіздерін тұжырымдап, Қазақстандағы діни білім беру ерекшеліктерін анықтап, оның тарихи және заманауи формаларына талдау жасаған. Сілтемелері көлтіріліп, ізденушінің сараптамалы өзінің көзқарасы орын алады.

Ізденуші экстремизм мен терроризмді зерттеуге арналған әлемдік тәжірибе мен сәйкес әдіснамаға сараптау беру арқылы олардың әлеуметтік-саяси, мәдени өркениеттік және діни-феноменологиялық негіздерін айқындаған. Қазіргі кезеңде

әлемде экстремизмнің пайда болуының негізгі факторларында жаңа және тың өзөрістер бар. Бұл диссертациялық жұмыста негізгі факторлармен қоса дінтанулық-эмпирикалық зерттеу арқылы экстремизмнің пайда болуы және дамуына әсер ететін қосымша факторлары да атап көрсетілген. Діни білім беру жүйесі мен экстремизмге қарсы күрес әдістемесінде этникалық салт-дәстүрмен үйлесімді болу маңызды рөл атқарады. Мемлекет осындай қатынастарды жүзеге асырудың механизмдерін, саяси-әлеуметтік және құқықтық алғышарттарын қалыптастырады. Зерттеу жұмысында қарастырылған мәселелер еліміздегі мемлекет пен дін, зайділдер қоғам арасындағы қарым-қатынастарды үйлесімді дамытып, әлеуметтік тұрақтылық пен ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге маңызды үлес қосады деп ойлаймыз. Діни терроризм мен экстремизмнің алдын алу бағдарламасында ұлттық мәдениеттегі салт-дәстүр мен діни сенімдердің арақатынасын айқындау маңызды болып табылады.

Зерттеу жұмысының алынған ғылыми нәтижелері ауқымды болып, ол өзінің құндылығымен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмысты жазу барысында қол жеткізілген ғылыми нәтижелер қазіргі кезде ЖОО-да дінтану, саясаттану, мәдениеттану мамандықтарында оқытын «Дін және зайділдік», «Қазіргі исламдық ағымдар мен мектептер» секілді арнайы курстар бойынша дәріс окуда, дін мен философияда, мәдениетпен тілде, әлеуметтік-психологияда, саясатта қолдануға болады. Диссертациялық зерттеу еңбегінің маңыздылығы бойынша гуманитарлық салалардағы және техника мамандарына, саясаттанушылар, дінтанушылар, мәдениеттанушылар, әлеуметтанушылар, психологтар, криминологтар т.б. мамандық иелері теориялық зерттеулерінде қолданыс таба алады. Ғылыми жұмыста берілген материалдарды арнайы дәрістер курсы мен оқу құралдарын және әдістемелеік кешендерді дайындауда пайдалануға болады. Ізденушінің көзқарасы, ғылыми зерттеу әдістерін қолдана білуі діни білімнің даму жолдары мен қазіргі кездегі оқытушу процесін шынайы көзқарас түрғысынан жазуға мүмкіндік беретін ой-пікірлері басшылыққа алынған. Зерттеу жұмысын жүргізуде далалық діни-әлеуметтік әдістері ғылыми білім өзегі болатын зерттеу материалдарын жинақтауга бағытталған, семиотикалық жүйелі-құрылымдық, салыстырмалы-функционалды әдістері қолданылған.

Орынбеков Нұрлан Аманғазыұлының «Экстремизм мен терроризмнің алдын алушағы діни білімнің рөлі: қазақстандық тәжірибе» атты диссертациясын талаптарға лайықты жауап беретін, толыққанды аяқталған жұмыс деп бағалауға болады, ал оның авторы – «8D02204 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуга лайықты деп есептеймін.

Отандық ғылыми жетекші

Подпись заверяю

Бишишев Ер

Бишманов К.М.  
з.п.ф.к., профессор

